«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ- сі бойынша
2024 жылдың 10 қыркүйек күні өткен
ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1

2024 жылдың 10 қыркүйек күні мектебімізде жаңа оқу жылының басталуына орай "Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс барысында тәрбие ісінің орынбасары Кожахметова А. "Заманауи білім беру моделіндегі тәрбие мен оқыту" тақырыбында 2024-2025 оқу жылындағы жаңалықтармен таныстырып, барша ата-аналарға жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, "Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жаңартылған мазмұны мен енгізу және "ҚР жалпы білім беру ұйымдарындағы оқушы ережесі, мектеп формасы" тақырыбында баяндама жасады

Мектеп психологы Аскарова М. Ж. "Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру" аясында ата-аналармен «Ақ қағаз » тренингін өткізді.Мақсаты: ата-ана мен оқушы арасында жағымды қарым-қатынас калыптастыру

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Армия Баян мектеп білім алушыларының оқу құралдарының жеткілікті екендігі сабақ процесіндегі барлық қолайлылық жасалғандығы жөнінде ата-аналармен тілдесті.

Жаңа оқу жылына мектептегі жалпы ата-аналар комитетінің төрайымы болып Сәкен Жанархан сайланды.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Кожахметова А.
Хатшы: Қайрат А.

«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ- сі бойынша
2024 жылдың 23 қыркүйек күні өткен
ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №2

9- сынып ата- аналар жиналысының хаттамасы

Өткізу күні: 23.09.2024

Жалпы саны: 12

Қатысқаны: 9

Күн тәртібінде:

1.Жаңа оқу жылындағы мектептің ішкі тәртібімен таныстыру.

тәрбие ісінің орынбасары Кожахметова Алия

2.Емтихан кестесі тапсыратын пәндер.

оқу ісінің орынбасары Армия Баян.

3. «Сыйластық» треннинг мектеп психологі Аскарова Мейрамгуль Жалеловна

4. Сыныптағы тәртіп.

сынып жетекшісі Айтжанова Гульнар Кабдулаеевна

5.Буллинг дегеніміз не? Буллингтің алдын алу

тәрбие ісінің орынбасары Жолжақсы Шашу

6.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды

I. Тәрбие ісінің орынбасары Кожахметова Алия жаңа оқу жылындағы мектептің ішкі тәртібімен таныстырды. Оның ішінде мектеп формасы, оқушылардың мектеп ішіндегі міндеттері, құқықтары, ата- ананың мектеп алдындағы міндеттері аталып өтті.
II. Оқу ісінің орынбасары Армия Баян оқушылар мен ата- аналарды 2024-2025 оқу жылындағы емтихандар тізімімен және өтетін уақытымен таныстырп өтті.
III. Мектеп психологі Аскарова М.Ж. ата-аналар мен мұғалімдер арасында жағымды қарым-қатынас пен сыйластық, құрмет сезімдерін нығайту мақсатында «Сыйластық» тренингін өткізді. Ата- ана, ұстаз және оқушы үштік одағын да атап өтті.
IV. 9-сынып жетекшісі Айтжанова Г. 9-сынып оқушыларының тәртіптері жақсы, іс шараларда белсенді екенін атап өтті. Сыныпта 4 үздік Серікбек Аяла, Серік Арайлым, Болатбек Аяла, Амангельді Тамина 2 екпінді Бопалаков Арман, Бақтұрсынқызы Үміт бар.

V. Тәрбие ісінің орынбасары Жолжақсы Шашу ата- аналарға жалпы булингтің не екенін, булингтің қандай түрлері барын таныстырып өтті. Сонымен қатар булингке ұшыраған балада болатын белгілер, булингтің

алдын алу шаралары, бала булинг құрбаны болған жағдайда не істеу керектігін де атап айтты. Сонымен қатар басқа балаларға да булинг жасауға болмайтынын ескертті.

VI. Әртүрлі мәселелер бойынша Бақтұрсынқызы Үміттің анасы сөз сөйледі. Өзінің қызының булингке ұшаушы деп есептейді. Себебі сынып оқушылары оқушының көзілдірік киюіне байланысты мазақ еткен. Әлеуметтік желіде сыныптастарының группасында Үмітке өз ойын айтуға мүмкіндік бермейді, жалпы сынып шеттетеді деп есептейтінін де атап өтті.

Осы мәселе мектеп директоры, мектеп психологі, тәрие ісі орынбасарлары мен сынып жетекшісі және оқушылар мен олардың ата-аналары арасында талқылана келіп мындай талап қойылды.

Талап: Әр оқушы сөйлер алдында өз сөздерін ой елегінен өткізіп, ешкімге зияны тиместей сөйлеуі тиіс. Және әркім өз ісіне жауап берулері талап етілді.Осыдан кейінгі уақытта осындай жағдайдың қайталанбауын ба талап етеді.

ШЕШІМ: Сынып бір ай бойы мектеп директоры, мектеп психологі, тәрие ісі орынбасарлары мен сынып жетекшісі және пән мұғалімдерінің бақылауында болады. Егер талаптар орындалмай, тәртіпке бағынбайтын оқушылар болған жағдайда тәртіптік еспке алынады.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Кожахметова А.

Хатшы: Қайрат А.

«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ- сі бойынша
2024 жылдың 25 қыркүйек күні өткен
ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №3

Қатысқандар:19
Қатыспағандар:

Күн тәртібінде

1.Мектеп оқушыларына жалпы қауіпсіздік ережелері. Жауапты: ДТІЖО Жолжақсы Ш.

І сұрақ бойынша ДТІЖО Жолжақсы Ш. сөз сөйледі.

Қауіпсіздік ережелері

Әрбір оқушы және ата-ана қауіпсіздік ережесін міндетті түрде білуі керек. Қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау түрі қауіптің алдын алып, жарақат алудан немесе басқа оқыс жағдайлардың алдын алады.
ЕСКЕРТУ: Балаға әлем әрқилы екенін айтыңыз.
Әлемде зұлымдық та, мейірімділік те бар екенін айтыңыз. Бөгде адамдардың көлігіне отыруға, бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салынған! Бейтаныс адамдарға есікті ашуға, электрқұралдарымен, қауіпті заттармен ойнауға болмайды. Жануарларға жәбір көрсетуге болмайды.
Міндетті түрде жол жүру ережесін сақтау қажет!

БАЛАЛАР БІЛУІ ТИІС:
• бұралқы жануарлармен ойнамау;
• дәрілерді, таныс емес заттарды қабылдамау, ішімдік, наша;
• рұқсатсыз су жағасына барма;
• бейтаныс ауданда серуендемеу, биіктіктен секірмеу;
• өткір, жарылғыш, жанғыш заттармен ойнамау;
• компьютер алдында көп отырмау;
• қоқыс, құрылыс алаңдарында, тас жол және темір жол маңатында жүгірмеу;

Шешім қабылданды:

1. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар ескертіп отырсын;

Өткізілген жиналыстың әлеуметтік желідегі сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DAY_PkhNixZ/?igsh=emVsNmE3MjR4Mjlx

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Жолжақсы Ш.

«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2024 жылдың 26 қыркүйек күні өткен
ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №4

Қатысқаны: 53
Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: 1. «Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы»

2. Цифрлық әлемде балаларда қалай қорғауға болады, «IOS »-тағы ата-ана бақылауы.

Жауапты: ДТІЖО Кожахметова А

26.09.2024ж сағат 15:00-де онлайн вацап желісі арқылы барлық сынып жетекшілер , яғни 1-11 сынып ата-аналары арасында «Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы» тақырыбында жадынамалар және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. SCHOOLBOY RUNAWAY-STEALTH, Joker Show Horror Escape, Metel Horror Escape ойындарын ойнайтын балалар анықталмады. Ата-аналар балалардың уялы телефондарын қадағалап отырады,кейбір ата-аналар балаларыңыз уялы телефондарына шектеулер орнатыпты, кейбір ата-аналар шектеу орнатамыз деп шешімге келді.

Қаулы:
1) Үйде оқушылардың ата – аналар балаларының уялы телефондарын қадағалайды.
2) Ата-аналар балаларының уялы телефондарына шектеулер орнатады.

Өткізілген жиналыстың әлеуметтік желідегі сілтемесі:
https://www.instagram.com/p/DAaokrGNQmw/?igsh=dG95dzVzaWFocGhy

Ата – аналар жиналысының төрайымы: Кожахметова А
Хатшы: А.Қайрат